

**«Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі
Барап ауылының негізгі орта мектебі » КММ жанындағы шағын орталық**

**Миницентр при КГУ « Основная средняя школа села Барап отдела
образования по Аккольскому району управления образования Акмолинской
области»**

**"Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім
бөлімінің Барап ауылының негізгі орта мектебі» КММ жанындағы шағын
орталық Өзін-өзі бағалау бойынша қорытынды**

**Заключение по итогам самооценки миницентра при КГУ « Основная
средняя школа села Барап отдела образования по Аккольскому району
управления образования Акмолинской области»**

Барап ауылы

2024 жыл

Мазмұны

- 1-Бөлім. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы
- 2-Бөлім. Кадрлық құрамға талдау
- 3-Бөлім. Тәрбиеленушілер контингенті
- 4-Бөлім. Оқу әдістемелік жұмыс
- 5-Бөлім. Оқу материалдық активтер
- 6-Бөлім. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор
- 7-Бөлім. Қорытындылар мен ұсыныстар

**«Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі
Барап ауылының негізгі орта мектебі» КММ мектепке дейінгі білім мен
тәрбие беру жағдайын өзін-өзі бағалауының қорытынды
АНЫҚТАМАСЫ**

1-Бөлім. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының толық аталуы: «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі Барап ауылының негізгі орта мектебі» КММ

Орналасқан жері «заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы):

Заңды мекен-жайы: 020102, Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Барап ауылы, Ш. Құдайбердиев көшесі 9 құрылым.

Нақты орналасқан мекен-жайы: 020102, Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Барап ауылы, Ш. Құдайбердиев көшесі 9 құрылым

Заңды тұлға: «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі Барап ауылының негізгі орта мектебі» КММ

Байланыс телефоны: 8-716-38-2-43-33

Электрондық почта: barap@mail.ru

Web-сайт: <http://barap.edu.kz>

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер): -жұмыс тел.87163824333, тел.87472988257

электронды почта barap@mail.ru, сайт barap.edu.kz

Альжанова Торгун Балгожановна 2009 жылы 1 тамызда «Ақкөл аудандық білім бөлімі» ММ № 190 бұйрығымен « Барап негізгі мектебі» ММ директоры ретінде қызметке тағайындалды.

<http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/prikaz-o-naznachenii-direktora>

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттары:

1. БСН 011040001616 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі Ақкөл қаласы 2021 жылдың 15 қаңтары Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Ақмола облысының әділет депатаменті Ақкөл ауданаралық әділет басқармасы. Заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы анықтама.

<http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/pereregistraciya-yuridicheskogo-lica>

2. **Мектептің жарғысы** толықтырулар енгізілумен Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы № А-1/1 қаулысымен бекітілген. (Мектеп жарғысы көшірмесі)

<http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/9713-08-06-23-11-38-23-ustav-shkoly>

3. БСН – 011040001616

Рұқсат етуші құжаттар: (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон):

1. 02.02.2021 жылғы №KZ08LAA00021397 білім беру қызметіне лицензия

2. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 07.11.2016 ж. №KZ10RVK00012335 хабарлама

<http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/lecenziya-na-obrazovatelynuyu-deyatelnosty-shkoly-i-uvedomlenie-o-nac>

8.12.2020 ж. №712 жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Кеңес а/о, Малый Барап ауылы, Ш. Құдайбердиев көшесі, 9 ғимарат мекенжайы бойынша жылжымайтын мүлікке құқық тіркелген.

<http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/spravka-ob-otsutstvii-nalichii-nedvighimogonimuschestva>

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 634 бұйрығымен

бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығы.

Өзін-өзі бағалау тексеру парағы:

1) білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО ҮОЖ) сәйкестігі. Бағаланатын кезеңде әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса беріледі;

2023-2024 оқу жылында шағын орталықта және мектепалды даярлық топта 2022-2023 Оқу жылының оқу жоспары Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.(2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар)

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығы.

«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2021-2022 оқу жылында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып құрылды.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022-2023 жыл міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде:

- оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;

- қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;

- тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;

- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында

- оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;

- тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;

- креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

Негізгі мақсат: мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, "Мәңгілік Ел" жалпы ұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарға, ұлт жандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай-ақ баланың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы.

Сондықтан, баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, әр жас тобында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуы мониторингін ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығы, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыру біздің міндетіміз болып табылады.

Баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген

күштарлығының дамуына ықпал ету мақсатында бағдарламаны басшылыққа алып жұмыстанамыз.

Әр саладағы күтілетін нәтижелер сабақтардағы оқу мақсаттарының жүйесі арқылы беріледі.

Балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау алға қойған мақсатымыз болып табылады.

Міндетіміз:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құруды;
- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамытуды;
- баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;
- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы);
- әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Ұлттық дәстүрлер мен адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру мақсатында күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммалар, перспективалық жоспарлар, жылдық жоспарлар көшірмелері берілді.

3) Жыл басында даярлық топ балалары физикалық қасиеттерін дамыту бойынша; жүруді (тез, жылдам, аяқтың ұшымен, тізерлеп, жүгіру) біледі, бірақ баяу, сенімсіздік басым болатын. Жылдың ортасында балалардың спортқа деген ынталары көтерілді; себебі - оларға сапқа тұру, сап түзеу, саппен жүру, таңертеңгілік гимнастикаларды жасап, спорт залда ойнаған олар үшін таңсық жағдай болды. Уақыт өте келе балалар спорттың адам өміріне пайдасы зор екенін түсіне білді. Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша айтатын болсақ; жыл басында балалардың көпшілігі әріпті танымайтын, ойын ашық жеткізе алмайтын, ұяң болатын. Тілдері дұрыс дамымаған. Балалар бір біріне үйреніп, тәрбиешіге үйренісіп ашыла бастады. Мәтіндер бойынша әңгімелеуді, ойларын толық жеткізуді үйренді. Тілдері жаттығып дыбыстарды дұрыс айтуға бейімделді.

Балалардың басым бөлігі әріптерді танып, олардың дауысты дауыссыздарын ажыратып, дыбыстық талдау жасап, буынға бөледі.

Шығармашылық дағдыларын дамыту бойынша; Балалардың құзыреттілік көрсеткіштері өте жақсы, балалар әуенді тәрбиешілермен қосылып айта алады, мәтінді жылдам жаттайды, әуенімен орындай алады, әуенді жақсы қабылдайды. Сонымен қатар қазақтың ұлттық аспаптарын таниды, суреттерін сала алады, аттарын жатқа біледі.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту бойынша барлық балалар өз беттерінше әрекет ете алады, достарымен жақсы қарым қатынаста. Олар бірімен жақсы араласады, әңгіме айтады, қалжыңдасады. Барлығының тәрбиелері жақсы және мәдениетті сөйлеуге үйренген. Үлкендермен амандасуды, сыйлауды біледі.

Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту бойынша көрсеткіштер; балалар 1 - 10 дейінгі сандарды таниды, 1 - 10 дейін сандарды қосып алады сонымен қатар пішіндерді таниды, ажырата алады. Мысалдар мен есептер құрастыра алады және оларды шеше алады.

Балалардың даму үлгерімі мен оқу үлгерімдері бойынша мынандай деңгейді көрсетеді:

- топта тыңдалым жақсы
- әр бала өзінің не істеп жатқанын түсінеді, белгілі бір білім қорына ие
- әр бала өзінің білетінін жасай алады

Осы білім салалары бойынша мектепалды даярлық тобы жақсы көрсеткіштерді көрсетеді.

Мектепалды даярлық тобында мерекелерге байланысты іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады. Атап айтатын болсақ, Жаңа жыл мерекесі, 8 наурыз-Аналар мерекесі, Наурыз мейрамы, Алтын күз, Қарттар күніне. Тәрбиеленушілер әр мерекеге сай киініп, өз өнерлерін көрсетеді.

2-бөлім Кадрлық құрамға талдау. Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттары:

МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса беріледі);

http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/svedeniya-o-kadrovom-sostave-vospitateley/public/files/2023/11/15/151123_185039_diplom-kusainova.pdf
[/public/files/2023/11/15/151123_185104_diplom-aghghanova.pdf](http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/svedeniya-o-kadrovom-sostave-vospitateley/public/files/2023/11/15/151123_185104_diplom-aghghanova.pdf)
[/public/files/2023/11/15/151123_184918_sertifikat-kusainova-a-2.pdf](http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/svedeniya-o-kadrovom-sostave-vospitateley/public/files/2023/11/15/151123_184918_sertifikat-kusainova-a-2.pdf)
[/public/files/2023/11/15/151123_185139_sertifikat-aghghanova-b.pdf](http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/svedeniya-o-kadrovom-sostave-vospitateley/public/files/2023/11/15/151123_185139_sertifikat-aghghanova-b.pdf)

Білім беруді жаңғырту жағдайында оқытудың барлық үлгілері білім беру сапасын арттыру функциясын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мемлекеттік білім беру стандарты негізінде іске асырылады.

Тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға «Өрлеу», АҚ «Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» базасында біліктілікті арттыру курстары ықпал етеді. Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын тәрбиешілердің дипломдарының көшірмелері, штаттық кестесі көшірмелері берілген.

Мектеп әкімшілігі кадрлардың біліктілігін жоспарлы түрде арттыруды қамтамасыз етеді. Біліктілікті арттыру курстарынан өтудің перспективтік жоспары жүргізілуде.

Штаттық кестеге сәйкес мектеп және шағын орталық әкімшілігінде директор саны – 1 бірлік, шағын орталық әдіскері - 0,5 бірлік, шағын орталық тәрбиешісі -1 бірлік, мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі - 1 бірлік.

Әкімшілік-басқару аппаратының құрамы туралы мәліметтер:

Мектеп директоры: Альжанова Торгун Балгажановна

Білімі - жоғары. Жұмыс өтілі – 39 жыл. Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша «педагог зерттеуші» мұғалім. Бұл мектепте жылдан бастап мұғалім лауазымында жұмыс істеді. Мектептің директоры ретінде 2009 жылдан бастап жұмыс істейді. Ақкөл аудандық білім басшысының грамоталарымен және аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталған.

Соңғы 3 жылдағы тәрбиешілер құрамы төмендегідей:

Тәрбиешілердің білім деңгейі

Оқу жылдары	Шағын орталық тәрбиешілері		
	Тәрбиешілер саны	Жоғары білімді	Арнайы білімді
2020-2021	3	1 (33%)	2 (67%)
2021-2022	3	1 (33%)	2 (67%)
2022-2023	2	1 (50%)	1 (50%)
2023-2024	2	1 (50%)	1 (50%)

Жасы	2020-2021	2021-2022	2022-2023	2023-2024
20-дан 30-ға дейін	0	0	0	0
31-ден 40-қа дейін	0	1	0	0
41-ден 50-ге дейін	2	2	2	1
51 және одан ары	1	0	0	1

Тәрбиешілерді жұмысқа қабылдау басшы мен тәрбиеші қызметкер арасында жасалған еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады.

Жаңа оқу жылына арналған оқу жүктемесін алдын ала жасақтау және бөлу әрбір ағымдағы оқу жылының мамыр айында жүргізіледі, бұл тәрбиешіге өздерінің перспективтік жоспарларын құруға және жаңа оқу жылындағы қызметтің басым бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Әрбір әрбір тәрбиешінің оқу жүктемесі әдістемелік бірлестіктің пікірін ескере отырып, нақты кәсіби деңгейіне сүйене отырып және мектеп кәсіподақ комитетімен келісе отырып белгіленеді.

Шағын орталыққа кадрларды орналастыру дайындық деңгейі мен жұмыс тәжірибесін ескере отырып жүзеге асырылады. Тәрбиешілер мен мектеп басшылығының жұмысындағы басты критерий – педагогикалық әдепті сақтау, «Білім туралы» Заңның, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің орындалуы. Мектеп әкімшілігі мұғалімдердің жұмыс уақытын ұтымды пайдалануына, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, өз бетінше білім алуына қолайлы жағдай туғызуға тиісті көңіл бөлуде. Педагог кадрларды қабылдау басшы мен педагог қызметкер арасында жасалған еңбек шарты

негізінде жүзеге асырылады. Еңбек шартының талаптары ҚР Еңбек кодексіне қайшы келмейді.

Тәрбиешілердің сапалық құрамы олардың кәсіби жетістіктерінен көрінеді, көптеген тәрбиешілердің еңбегі кәсіби марапаттармен ерекшеленеді. Педагогикалық ұжымның қазіргі құрамынан тәрбиешілері марапаттар алып жатыр.

Педагог кадрларды қабылдау педагог қызметкердің басшылары арасында жасалған еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. Педагогикалық кеңесте мектептің ішкі тәртіп ережесі таныстырылған.

Кадрларды іріктеу педагогикалық ұжым мүшелерінің біліктілік деңгейі ескеріле отырып, мектептің жұмыс оқу жоспарын іске асырудың объективті қажеттіліктерін негізге ала отырып, жоспарлы және мақсатты түрде жүзеге асырылады.

Кадрларды алдын ала жинақтау жаңа оқу жылына оқу жүктемесін бөлу әрбір ағымдағы оқу жылының мамыр айында жүргізіледі, бұл тәрбиешілерге өздерінің перспективалық жоспарларын құруға және жаңа оқу жылына арналған қызметтің басым бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді. Әрбір тәрбиешінің штаттық бірлігі әдістемелік бірлестіктің пікірін ескере отырып, нақты кәсіби деңгейге сүйене отырып және мектеп кәсіподақ комитетінің келісімі бойынша анықталады.

Шағын орталықта 2023-2024 оқу жылында 2 топ жұмыс жасайды Даярлық топта 1 тәрбиеші ,аралас топта 1тәрбиеші жұмыс жасайды:

№	Аты-жөні	Білімі	Бітірген оқу орны, жылы	Мамандығы	Біліктілігін арттыру курстары	Қызметі
1	Кусаинова Ақық Ибрагимовна	Жоғары	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті пдф	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу.	«Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың педагогикалық аспектілері», 11.12.2020ж, АО «НЦНК Өрлеу». «Мектепке дейінгі ұйымдағы менеджмент практикасы	Тәрбиеші-1ст. Методист- 0,5 ст.

					балаларды дамыту бағдары», 02.12.2022ж , педагогикалық шеберлік орталығы.	
2	Ажжанова Ботагоз Мухаметжановна	Арнайы орта	Астана қаласының Білім басқармасының Гуманитарлық колледжі пдф	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	«Баланы ерте дамыту бағдарлары» Педагогикалық шеберлік орталығы. Оқу мерзімі- 27.03.3023- 28.04.2023ж	Тәрбие ші-1 ст.

Тәрбиешілердің сайыстар мен олимпиадаларға қатысуының нәтижесі

№	Жыл	Атауы	Аты жөні	орны
Республикалық				
1	2023	«Білімгер кз» Республикалық білім порталында,білім беру саласындағы замануи технологияларды пайдалану арқылы тәжірибе алмасып ,педагогикалық жұмыстарға белсене араласып балалардың дамуына ,білім саласындағы ақпараттық коммуникациялық технология бағытының дамуына үлес қосқаны үшін	Кусаинова А.И.	Диплом
2	2024	«Тұғыры биік төл теңге» Республикалық байқауы	Кусаинова А.И.	Алғыс хат
Аудандық				
1	2023	Білім саласында адал еңбегі мен кәсіби жетістіктері үшін аудандық кәсіподақұйымы	Кусаинова А.И.	Құрмет грамотасы

2024	«Үздік педагог» байқауы	Кусаинова А.И.	Диплом
------	-------------------------	----------------	--------

"Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша педагогтердің үлесі 100%.

3-бөлім. Тәрбиеленушілер контингенті (3 қосымша)

/public/files/2024/6/17/170624_154005_kontingent-vospitannikov-2023-2024.pdf

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары сақталған.

2023-2024 оқу жылы ерекше білім алуға қажеттілігі бар оқушы болмады.

Білім алушылар (тәрбиеленушілер) контингентінің қозғалысы туралы мәлімет:

Мектепке дейінгі білім беру қызметінің үлгілік қағидаларына және мектеп жарғысына негізделген топтар мен сыныптар жасақталған.

2023-2024 оқу жылында 2 топ болды, мектепке даярлық тобында 5 бала, аралас топта 9 бала, ерекше білім алуға қажеттілігі бар бала болған жоқ.

Тәрбиеленушілерді шағын орталыққа қабылдау электронды және қағаз өтініші негізінде қабылданады. Мемлекеттік қызмет жүзеге асырылады. egov.kz "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы және ЭЦҚ бойынша ата-аналар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 3 маусымдағы № 275 бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес құжаттар топтамасын Мемлекеттік қызметке ұсынады. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін ата-аналарға құжаттар тізбесі туралы ақпарат берілген. Электрондық түрде қабылдау 1 қыркүйекке дейін жүргізіледі. Барлық құжаттар бумаға тігіліп, мемлекеттік қызмет көрсетуді есепке алу журналы жүргізіледі.

Бағаланатын кезең бойынша мектепке дейінгі білім алатын тәрбиеленушілерден ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленуші болған жоқ.

Үлгілік оқу жоспарында белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

Апталық жүктеменің көлемі:

2023-2024 оқу жылы

- 1) оқыту қазақ тілінде;
- 2) Аралас тобы (2-3-4)жас оқыту қазақ тілінде ;
- 3) Мектепалды даярлық тобы оқыту қазақ тілінде (5 жас) - 20 сағат, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 20-25 минут;

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

1 қыркүйек пен 25 мамыр аралығында – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі);

Оқу мерзіміне қойылатын талаптар

Мектепке дейінгі білім беру мектеп жарғысы негізінде 1 сыныпқа қабылданғанға дейінгі талаптар сақталған.

Тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы туралы мәлімет

Оқу жылы	Топтың/сыныптардың атауы	Оқыту тілі	Тәрбиеленушілер саны	Топтардағы шектік тәрбиеленушілер саны	Жарты күнге келетіндер
2023-2024	Аралас топ(2-3-4-жас)	қазақша	9	10	9
	Мектепалды тобы (5 жас)	қазақша	5	10	5

№	Оқу жылы	Аты жөні	Топ	Келген мерзімі	Кеткен уақыты
1	2023 - 2024	Асылхан Аделя Берікқызы	Мектепке даярлық	01.09.23	31.05.2023
2	2023 - 2024	Бақтыбай Сардар Бахтиярұлы	Мектепке даярлық	01.09.23	31.05.2023
3	2023 - 2024	Бакиева Гульминур Олеговна	Мектепке даярлық	01.09.23	31.05.2023
4	2023 - 2024	Тайгельдинова Дина Руслановна	Мектепке даярлық	01.09.23	31.05.2023
5	2023 - 2024	Нурланова Ясмина Елдосовна	Мектепке даярлық	01.09.23	-

4- бөлім.Оқу әдістемелік жұмыс.

МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

Тексерілді:

1. 2023-2024 оқу жылының жұмыс оқу жоспары мектеп директорымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 болып тіркелген үлгілік қағидалары басшылыққа алынған.

2. 2023-2024 оқу жылдарында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен 3-қосымшасы басшылыққа алынды.

Оқу жұмыс жоспары мен оқу сабақтарының кестесі, күн тәртібі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді.

Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

Оқу жұмыс жоспары мен ұйымдастырылған қызметтің ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 Бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8275 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкестігі:

«Барап ауылының негізгі орта білім беретін мектебі» КММ жанындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың шағын орталықтың бағаланатын кезеңді талдауға арналған құжаттар: білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері, ұйымдастырылған оқу қызметінің күн тәртібі, перспективалық жоспар, циклограмма тексерілді.

Талдау нәтижелері: Мектеп құрамында 2023-2024 оқу жылы Жарғыға сәйкес шағын орталық жұмыс істейді.

2023-2024 оқу жылында шағын орталықта және мектепалды даярлық сыныбында тәрбие-білім беру процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), «Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1-қосымшасы, ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 мамырдағы №90 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына» сәйкес қамтамасыз етілді.

2023-2024 оқу жылында "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазанындағы № 422 бұйрығына қосымша бекітілген оқу бағдарламаларына негізге алына отырып, перспективалық жоспарлары құрылып, білім беру қызметін жүзеге асырылды.

Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу; қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;

- тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;
- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында

-оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;

- тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;

- креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

Негізгі мақсат: мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай-ақ баланың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы.

Сондықтан, баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, әр жас тобында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуы мониторингін ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығы, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыру біздің міндетіміз болып табылады.

Баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал ету мақсатында бағдарламаны басшылыққа алып жұмыстанамыз.

Әр саладағы күтілетін нәтижелер сабақтардағы оқу мақсаттарының жүйесі арқылы беріледі.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі сақталуда.

Топтардың атауы	Оқу қызметінің түрі	2023-2024 ж ТОБ ҚР Оқу ағарту мин 03.08.2022 ж №348 бұйрығы
МАД тобы 5 жас	Инварианты сағат саны	Ұйымдастыру іс әрекеті 7 бөлімнен тұрады
	Оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі	Күн сайын қайталанады 20с

Аралас топ 2-3-4 жас	Инварианты сағат саны	Ұйымдастыру іс әрекеті 7 бөлімнен тұрады
	Оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі	Күн сайын қайталады

Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) әрбір білім беру дағдылары мен іскерліктері бойынша жас топтары бойынша және МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттер көлемін игеру. Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар, білім беру ұйымының барлық тәрбиеленушілерінің жеке даму жоспарлары (карталары), әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бейнематериалдары ТБДО. Талдау нәтижелері: "Таным", "Қатынас", "Әлеумет", "Шығармашылық" және "Денсаулық" дағдылары мен іскерліктері бойынша ұйымдастырылды.

«Барап ауылының негізгі орта мектебі» КММ жанындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың шағын орталығында 2023-2024 оқу жылындағы әдіскердің жұмысының жылдық жоспары бар және бекітілген.

Білім беру ұйымдары өз қызметінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алды.

Шағын орталық 2023-2024 оқу жылы 5 күндік жұмыс аптасымен, жарты күндікпен жұмыс жасайды, «Барап ауылының негізгі орта мектебі» КММ жанындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың шағын орталық өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қағидалары мен мектеп жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алынған.

Шағын орталықта 2 жастағы және МАД-топқа қабылданғанға дейін тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, әлеуметтік бейімдеу, дамыту және медициналық бақылауды қамтамасыз етеді.

Шағын орталықтың тәрбиеленушілердің орыны:

1) тәрбиеленуші ауырған, денсаулық сақтау және басқа ұйымдарда емделген, сауықтырылған, денсаулығын түзеткен және оңалтылған (көрсетілімі бойынша анықтама және қорытынды ұсынған жағдайда) кезде;

2) тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің жылына екі айдан артық емес мерзімде демалысқа немесе емделуге жазбаша өтініш ұсынған жағдайда;

3) елді мекенде төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар), карантин енгізілген кезеңде сақталады.

Тәрбиеленушілер шағын орталықтан:

1) мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің арасындағы шарттың талаптары бұзылмаған;

2) тәрбиеленуші бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей, мектепке дейінгі ұйымға келмеген;

3) дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде тәрбиеленушінің келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда шығарылады.

Оқу жылдары	Оқыту тілі	Үлгілік оқу жоспары
2023-2024	Қазақша	«Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы.

Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

2023-2024 оқу жылында 2 топ жасақталды, 2,3,4 жастағы аралас тобы, 5-6 жастағы мектепке даярлық тобы.

1) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" дағдылары мен іскерліктері бойынша жұмыстар жүргізіледі. Оқытудың нәтижелері көрсеткіштер ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылады.

Мектепалды даярлық тобында **денсаулық сақтау дағдыларын**: гигиеналық шараларды орындауды, өзіне-өзі қызмет ету және өзара көмек көрсету дағдыларын, шынықтырудың барлық әдістерін жас ерекшелігіне сай сандық және сапалық көрсеткіштерге қол жеткізе отырып, негізгі қимыл түрлерін, қимылдарды еркін меңгеріп, саналы түрде ойын ережесін сақтауды, қозғалыс әрекетінде қарапайым өзін-өзі бақылауды, ағзаны шынықтыру және дене сымбатын сақтау тәсілдерін, күн тәртібін сақтауды үйренеді.

Коммуникативтік-тілдік дағдылар: тілдесу ережелерін: сөзсіз тілдесу құралдарын, сөйлесу әдебін, сөз тіркесі мен сөйлемдерді грамматикалық дұрыс құрастыруды, сөйлеуде таныс сөздердің күрделі түрлерін қолдануды, дыбыстарды анық, дұрыс, мәнерлеп айтуды, жіктеуді, дыбыстың шартты белгілерінің көмегімен буын мен сөз құрастыруды, сөзжасам дағдыларын, заттардың белгілері мен сапаларына сүйене отырып, сөздің мағынасын түсіндіре және қолдана алуды, берілген тақырып, сурет бойынша жалаң және жайылма сөйлемдерді қолдана отырып, байланыстырып, бірізділікпен әңгіме құрастыруды, түрлі оқиғаларды мазмұндап айтуды, ертегілерді ойдан құрастыруды, ойында сөз және өлең ұйқастарын

құрастыруға, көргеніне сүйене отырып, таныс шығармалардың мәтінін мазмұндауды, дыбыстарды айтуда және дыбыстық талдауда білімін қолдануды, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды, дыбыстарды сипаттауды үйренеді.

Танымдық дағдылар: адам өміріндегі маңызына және қолданылуына байланысты заттарды даярлау үшін пайдаланылатын материалдардың қасиеттері мен алуан түрлілігі туралы, қоршаған ортадағы объектілердің ерекше және маңызды белгілерін бөліп көрсете отырып, олар туралы түсініктерді, жапсыру және сурет салу түрінде геометриялық пішіндерден шынайы және абстракциялық объектілердің қарапайым үлгілерін жасауды, болмашы ерекше белгілері бойынша жануарлар мен өсімдіктерді ажырата білуді, табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күтіп-баптауды, күнделікті өмірдің жаңа жағдайларында қауіпсіздікті сақтауды, түрлі белгілері бойынша объектілерді жіктеуді, сөз арқылы кеңістіктік-уақыт қатынасын, қисынды ойлауды, нәтижеге жететін эксперимент әрекетіне мақсат қоя білуді, нәтижеге жетуді, алған ақпаратқа талдау жасауды, оны саналы түрде қолдануды үйренеді.

Шығармашылық дағдылар: музыкалық аспап сүйемелдейтін әуенді, регистр дыбысын ажырата алуды, балаларға арналған музыкалық аспапта ойнау барысында, ән айтқанда, билегенде минорлы және мажорлы дыбысталуды қабылдап, жаңғырта алуды, түрлі техникалық құралдарды өз бетінше қолдануды, жұмыстарды жаңа бөліктермен толықтыруды және әсемдеуді, қарастырған заттарының бояуының қанықтылығының маңыздылығын, өнердің басқа түрлерінің түпмәтінінде өнер туындыларына алғашқы талдау жасауды үйренеді.

Әлеуметтік дағдылар: мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын, әдеп, табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелерін, ересектермен бірлескен әрекетке жұмылуды, пайдасын тигізуге және оған қанағаттануды, өзінің және басқа халықтардың әдептілік нормалары мен олардың құндылығын, түсіністік, төзімділік танытуды, әлеуметтік ортада өзара қарым-қатынас жасау біліктілігін, қоғамдық тәртіп сақтау дағидаларының коммуникативтік дағдыларын меңгереді.

5 бөлім. Оқу материалдық активтер (4-қосымша)

<http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/2957-22-06-23-18-04-37-uchebno-materialnye-aktivy>

Жабдықтар мен жиһаздарға құжаттар, оның ішінде бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі (білім беру ұйымы бекіткен және білім басқармасы органымен келісілген түгендеу тізімдемесі).

<http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/inventarizacionnaya-opisy>

Шағын орталық мектептің ішінде орналасқан, Мектепке дейінгі үлгілік қағидалар сақталған, ішінде 4 бейнебақылау орналасқан, 3 бейнебақылау топтарда, 1 коридорда, далада 4 бейнебақылау орналасқан.

Жабдықтар мен жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер.

Жабдықтар мен жиһаз балалардың жас ерекшелігіне сәйкес: балалардың үстелі, орындықтар, телевизор, компьютер, диван, кресло, киім ілуге арналған шкаф-5 секциядан 6 шкаф, ойыншықтарға арналған шкаф, кілем, горка- балалар сырғанауға арналған, ойыншықтар, тәрбиеші үстелі, орындық.

Мектепалды даярлық тобының арнайы оқу бөлмесі 19,3 ш/м , аралас топ 14,5 кұрайды, Жалпы 80 ш/м,кұрайды" Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" бес білім беру саласына негізделіп бұрыштар жасалған.

6 - бөлім.Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

Барап ауылының негізгі орта білім беретін мектебі» КММ жанындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың шағын орталығы мен МАД тобының тәрбиешілері ұйымдастырылған оқу қызметінде оқу-әдістемелік кешендерді тиімді қолдана біледі. Балалардың шығармашылық қабілетін, логикалық ойлау іс-әрекетін, ақыл-ой белсенділігін дамыту мақсатында «Санамақ», «Ақбота» өлеңдер мен әңгімелер жинағы, «Сиқырлы кітап» кітабын, «Балдырған», «Айгөлек» журналдарын т.б оқу-әдістемелік жинақтарды жиі пайдаланады. Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс жасайды.Мектепке даярлық тобының балаларына «Сауат ашу» және «Математика» дәптерлері 2 экземплярда берілді.

8.Қорытынды мен ұсыныстар

Педагогтердің кәсіби қызметінде шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру үшін жағдай жасау;

Барлық педагогикалық ұжымның және отбасына жәрдемдесу қызметінің қызметі арқылы шағын орталық пен отбасының өзара іс-қимылын арттыру.

Шағын орталық педагогтерінде жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, олардың кәсіби деңгейін арттыру.

Мектепке дейінгі ұйымды дамытудың барлық процестері бойынша сапаны қамтамасыз ету.

Тақырыптық семинарлар жүйесі арқылы педагогтердің біліктілігін арттыру; Заманауи ақпараттық технологияларды игеру бойынша тәрбиешілердің біліктілігін арттыру;

Білім беру процесін электронды түрде дидактикалық қамтамасыз ету жүйесін оңтайландыру.

Бағдарламалар мен технологиялар бойынша шығармашылық топтың жұмысына жас педагогтарды тарту.

Өзін-өзі бағалау материалдарына жүргізілген талдау «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімінің Барап ауылының негізгі орта мектебі» КММ жанындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың шағын орталығы 2023-2024 оқу жылы бойынша қызметін көрсететін бөлімдер бойынша жасалды.

Бағалау критерийлеріне қосымшаларда келтірілген мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің сандық және сапалық көрсеткіштерінің негізінде аттестаттау комиссиясының мүшелері «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімінің Барап ауылының негізгі орта мектебі» КММ жанындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың шағын орталығы өзін-өзі бағалау қорытындысын шығарды:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру қызметі оқыту және тәрбиелеу саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге және мектептің құқығын белгілейтін құрылтай, рұқсат беру құжаттарына: білім беру қызметімен айналысуға арналған

лицензияға және медициналық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензияға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Мектептің жұмыс оқу жоспары толық көлемде орындалады, перспективалық жоспар мектеп директорымен бекітіледі.

3. Ұйымдастырылған оқу қызметі пәндерінің базалық мазмұнын игеру жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Ыңғайлы және қолжетімді білім беру ортасы қамтамасыз етіледі.

5. Оқу-тәрбие процесінің барлық тараптары мектепшілік бақылаумен қамтылған.

6. Білім деңгейін арттыру мақсатында тәрбиеленушілердің білім сапасына тұрақты негізде талдау және мониторинг жүргізіледі.

Алынған мәліметтер бойынша мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелері ұсынылатын білім беру қызметтерінің МЖМБС жалпы талаптарына сәйкестігін растайды.